

"Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 355-н/қ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2026 жылғы 19 наурыздағы № 128-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 наурызда № 38190 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 355-н/қ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36862 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеуі қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын (бұдан әрі – Қағидалар).

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Цифрландыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5, 13-тараулары мен 1-қосымшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 19 наурыздағы
№ 128-н/қ
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2025 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 355-н/қ бұйрығымен
бекітілген

Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін қалыптастыру, жүргізу және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 2 және 5-тармақтарына, "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 6-1) тармақшасымен (бұдан әрі – Заң) және "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) алушы – өнімдерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарттың талаптарына сәйкес өнімдерді қабылдауды жүзеге асыратын тұлға;

2) деректер талдамасы – шешім қабылдау үшін ақпараттар мен қорытындылар алу мақсатында деректерді өңдеу процесі;

3) жөнелтуші – өнімдерді өндіруші болып табылатын тұлға немесе оны заңды негізде сатып алған тұлға не олар уәкілеттік берген, өнімдерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт негізінде магистральдық құбыр арқылы тасымалдау үшін өнімдерді ұсынатын тұлға;

4) отын-энергетика кешені – бастапқы энергетикалық ресурстарды барлау мен өндіруді, оларды өңдеуді, электр және жылу энергиясын өндіруді, сондай-ақ энергияны тасымалдау, беру, бөлу және тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын экономика салаларының жиынтығы;

5) отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) – жеке және заңды тұлғалардың, жылумен жабдықтау субъектілерінің уәкілетті органмен және өзге де мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы көмірсутектерді барлау және өндіру, жылу энергетикасы мен электр энергетикасы саласындағы отын-энергетика кешенінің деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға, мониторингтеуге және талдауға арналған уәкілетті органның цифрлық жүйесі;

6) отын-энергетика кешені саласындағы субъектілер – отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесіне енгізу үшін ақпарат беретін, оның ішінде шикі мұнай, газ конденсаты, шикі газ және оны қайта өңдеу өнімдері (тауарлық газ) айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

7) отын-энергетика кешені субъектілеріне қойылатын техникалық талаптар – деректерді жинау, өңдеу және Жүйеге беру мақсатында отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық объектілеріне қойылатын талаптар;

8) отын-энергетика кешені саласындағы цифрлық инфрақұрылым – Жүйенің жұмыс істеуі мақсатында ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, беруді және қорғауды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, бағдарламалық қамтылымның, байланыс арналарының, өлшеу құралдарының, басқару мен есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, сондай-ақ олармен байланысты цифрлық құрамдастардың жиынтығы;

9) пайдаланушы кабинеті – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың электрондық нысандағы ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған Жүйенің құрамдас бөлігі;

10) тауарлық газ – құрамында метан мөлшері басым көмірсутектердің газ тәріздес күйде болатын, шикі газды қайта өңдеу өнімі болып табылатын және құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін көпқұрамдас қоспасы;

11) тұтынушыға жеткізуге дайындалған шикі мұнай және газ конденсаты – ҚР СТ 1347-2024 "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес тұтынушыға жеткізуге дайындалған тауарлық мұнай (мұнай) және газды тұрақты конденсат (ГТК), тұтынушыға жеткізуге ҚР СТ 2188-2012 "Газды тұрақты конденсат. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкес дайындалған;

12) уәкілетті орган – мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау салаларында, жер қойнауын пайдалану саласындағы көмірсутектер бөлігінде, мұнай өнімдері өндірісін, газ және газбен жабдықтауды, магистральдық құбырды, жылу энергетикасы мен электр энергетикасын, орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді (автономды қазандықтарды қоспағанда), жаңартылатын энергия көздерін дамытуды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтар бөлігінде жылумен жабдықтауды мемлекеттік реттеу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) Жүйені пайдаланушы – Цифрлық жүйе арқылы ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары, отын-энергетика кешені субъектілері, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

14) шикі газ – қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде жер қойнауынан газ тәріздес күйде алынатын, үлес салмағына қарамастан кез келген көмірсутектер, оның ішінде тазартылмаған табиғи, ілеспе, қатпарлы газ, көмір қабаттарындағы метан, сондай-ақ олардың құрамындағы көмірсутекті емес газдар;

15) шикі газдың, оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы – жинау, дайындау, тасымалдау, қайта өңдеу, сондай-ақ Кодексте және жобалау құжатында белгіленген жағдайлар мен шарттарда – қабатқа айдау арқылы кәдеге жарату, өз қажеттіліктері үшін пайдалану және алауларда жағу;

16) шикі мұнай мен газ конденсатының айналымы – дайындау, тасымалдау, сақтау, тиіп-жөнелту, өткізу, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге әкету;

17) шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу аспаптары (бұдан әрі – есепке алу аспаптары) – шикі мұнайдың, газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) сандық және сапалық сипаттамаларын айқындайтын және Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасына сәйкес қолдануға рұқсат берілген техникалық құрылғы, сондай-ақ отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің операторына нақты уақыт режимінде ақпарат беруді жүзеге асыратын бағдарламалық қамтылым;

18) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау саласындағы, жер қойнауын пайдалану саласындағы көмірсутектер бөлігінде, мұнай өнімдері өндірісі мен газ және азбен жабдықтауды, магистральдық

құбыр, жылу энергетикасы мен электр энергетикасын мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Жүйенің мақсаты мен құрылымы

3. Осы Қағидалар Жүйе арқылы уәкілетті орган мен отын-энергетика кешені субъектілерінің тиімді өзара іс-қимылы, отын-энергетика кешенін орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз ету, отын-энергетика кешенінің жай-күйі мен даму болжамы туралы тиісті ақпаратты қалыптастыру, сондай-ақ отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарды айқындау үшін отын-энергетика кешенін цифрлық трансформациялау негіздерін айқындайды.

4. Жүйенің мақсаты:

1) Жүйеге енгізу мақсатында отын-энергетика кешені субъектілерінен ақпарат жинау, өңдеу, мұндай ақпаратты сақтау, оған қол жеткізуді қамтамасыз ету, оны беру және тарату;

2) отын-энергетика кешенінің жай-күйі туралы талдамалық ақпаратты мониторингтеуді және қалыптастыруды қамтамасыз ету;

3) отын-энергетика кешені субъектілерінен жиналған деректер негізінде отын-энергетика кешенін болжау және модельдеу;

4) Жүйе арқылы уәкілетті орган көрсететін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың сапасын қамтамасыз ету;

5) белгіленген ең төменгі талаптардың негізінде отын-энергетика кешені субъектілерінің Жүйемен жұмыс істеуінің және өзара іс-қимылының сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Жүйенің құрылымы мына элементтерден тұрады:

1) "Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" цифрлық жүйесі;

2) Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ішкі жүйелер;

3) Жүйені пайдаланушылар.

3-тарау. Жүйенің жұмыс істеу тәртібі

6. Жүйенің жұмыс істеуі деректер мен ақпаратты интеграциялау, орталықтандырылған басқару, процестерді автоматтандыру, рәсімдерді стандарттау, сондай-ақ тұрақты мониторингтеу пен бақылау арқылы жүзеге асырылады. Жүйе сондай-ақ оның функционалдығы мен тиімділігін үнемі жақсартуды қамтамасыз ету үшін кері байланысты жинау мен талдауды қамтиды.

7. Отын-энергетика кешені саласындағы цифрлық инфрақұрылым операторы Заңның 5-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес айқындалған, отын-энергетика кешені салаларында ақпарат және (немесе) жедел ақпарат жинаудың жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, отын-энергетика кешені саласындағы диспетчерлік қызмет функцияларын жүйелі мониторингтеуді және жүзеге асыруды, сондай-ақ орындалуын бақылау тетігімен деректерді жинауды, деректерді өңдеуді, болжауды, модельдеуді және отын-энергетика кешенінің салалары бойынша талдамалық есептілікті ұсынатын заңды тұлға болып табылады.

8. Жүйені құру, дамыту және пайдалану мынадай талаптардың:

1) Жүйеге енгізу үшін ақпаратты ұсынудың толықтығы, анықтығы, уақтылығы;

2) Жүйеге енгізу үшін ақпаратты жинаудың, өңдеудің үздіксіздігі;

3) Жүйенің және өзге де ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы;

4) Жүйені құру, дамыту және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізінде іске асырылады.

9. Жүйені құру, дамыту және пайдалану Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 85-бабы 3, 4-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Жүйенің киберқауіпсіздігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға (бұдан әрі – Бірыңғай талаптар) және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын киберқауіпсіздік саласындағы стандарттарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

4-тарау. Жүйеде пайдаланушылар арасындағы өзара іс-қимыл және жұмыс процестерін үйлестіру тәртібі

11. Жүйені пайдаланушылардың ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жүйені пайдаланушылардың ақпараттық өзара іс-қимылы уәкілетті органның ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды және мониторингтеуді, сондай-ақ заңдық маңызы бар фактілерді растайтын құжаттардың ең аз саны ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қағаз жүзіндегі құжат айналымын алып тастауды (барынша азайтуды) қамтамасыз етеді.

13. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын мәліметтер қағаз жеткізгіштегі құжаттардағы мәліметтермен бірдей болады.

14. Ақпаратты Жүйеге енгізуді Жүйенің пайдаланушылары отын-энергетика кешені субъектілері ұсынатын ақпарат негізінде, оның ішінде Жүйенің және өзге де ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы шеңберінде, сондай-ақ осы Қағидаларға және Цифрлық құралдар тізбесіне сәйкес Жүйені пайдалануды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 107 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18117 болып тіркелген) бекітілген Цифрлық жүйенің пайдаланушылары өңдейтін өзге де ақпарат негізінде жүзеге асырады.

15. Шикі мұнай мен газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын отын-энергетика кешені субъектілері көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыға жеткізуге дайындалған шикі мұнай мен газ конденсатының айналымдағы мөлшері туралы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыға өңдеуге және жеткізуге дайындалған, сондай-ақ өз мұқтаждықтарына пайдаланылатын, қабат қысымын сақтау және (немесе) ұстап тұру мақсатында қабатқа айдау жолымен кәдеге жаратуға жататын, Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттарда жағылатын шикі газдың айналымдағы мөлшері туралы деректерді есепке алудың өздерінде бар жүйелеріне қолжетімділік беріледі.

16. Жүйені қалыптастыру кезінде отын-энергетика кешені субъектілерімен ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде алынған шикі мұнай және газ конденсаты, шикі газ және оны қайта өңдеу өнімдері (тауарлық газ) айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілерде белгіленген есепке алу аспаптарынан алынған деректер пайдаланылады, олар отын-энергетика кешені субъектілерімен ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде алынған, коммерциялық есепке алу аспаптарының деректерін ажырата отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда.

17. Отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық жүйелерін шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы саласында Жүйемен интеграциялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Отын-энергетика кешенінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен отын-энергетика кешені субъектісінің цифрлық жүйесі арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды жүзеге асырылады.

18. Отын-энергетика кешенінің субъектілері Жүйеге енгізу үшін міндетті түрде ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

19. Жүйеге енгізу үшін ақпаратты Жүйені пайдаланушылар цифрлық технологиялар арқылы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжаттар нысанында ұсынады, олар Жүйені пайдалана отырып, уәкілетті органға жіберіледі.

20. Жүйеде қамтылған ақпаратқа қолжетімділікті ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың ережелерін және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін ескере отырып, "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабы 1-тармағында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік, коммерциялық құпия және заңмен қорғалатын өзге де құпия саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді.

21. Жүйеде қамтылған деректер "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 8) тармақшасында қол жеткізуді шектеуге жол берілмейтіндігі белгіленген ақпаратты қоспағанда, қолжетімділігі шектеулі ақпарат болып табылады.

22. Жүйеде қамтылған қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоса алғанда, оны өңдеу мүмкіндігімен ақпаратқа қол жеткізу құқығына бағдарламалық қамтылым ақауларын түзету, түрлендіру және жоюды жүргізу жөніндегі іс-шараларды қамтитын, Жүйенің мақсатына сәйкес пайдаланылуын қамтамасыз ететін ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган ие болады. Жүйенің өзге пайдаланушылары "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабы 1-тармағына және осы Қағидаларға сәйкес ақпаратқа қол жеткізуді шектеуді ескере отырып, Жүйеде қамтылған ақпаратқа оны өңдеу мүмкіндігінсіз қол жеткізе алады.

23. Жүйені пайдаланушылардың Жүйеде қамтылған жалпыға қолжетімді ақпаратқа қолжетімділігін уәкілетті орган көрсетілген ақпаратты ашық деректердің интернет-порталында орналастыру арқылы қамтамасыз етеді.

24. Уәкілетті орган Жүйенің техникалық (бағдарламалық-техникалық) құралдарын пайдалана отырып, Жүйеде қамтылған ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді:

1) олар ұсынған ақпаратқа және жалпыға қолжетімді ақпаратқа қатысты отын-энергетика кешенінің субъектілеріне;

2) Жүйеде қамтылған ақпаратқа қатысты Жүйені пайдаланушыларға;

3) Жүйенің өзге пайдаланушыларына.

25. Мемлекеттік органдарға осы Қағидаларға сәйкес жататын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі туралы, Цифрлық жүйеде ұсынылатын ақпаратты алу қажет болған жағдайда, аталған органдар өз құзыреті шегінде бұл ақпаратты уәкілетті органнан "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес сұратады.

26. Жүйеде қамтылған ақпаратқа қолжетімділік ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да шарттар арқылы қамтамасыз етіледі.

27. "Цифрлық үкіметті" цифрлық объектілерімен, мемлекеттік немесе өзге де дерекқорлармен және (немесе) ақпараттық жүйелермен интеграциялау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Деректерді жинау, өңдеу, мониторингтеу және оларды талдау тәртібі

28. Жүйе шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу (тауарлық газ) өнімдерінің айналымын есепке алу, электр энергиясын өндіру, беру және тарату, тұтыну туралы деректерді жинауды және беруді, сондай-ақ жылу энергетикасы мен электр энергетикасы объектілерінің нақты уақыттағы жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

29. Деректерді жинау процесі осы Қағидалардың 6-тарауының талаптарына сәйкес автоматтандырылған жүйелерді, өлшеу құрылғыларын және басқа технологияларды пайдалана отырып ұйымдастырылады.

30. Барлық жиналған деректер міндетті түрде өңделеді, оның ішінде энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін айқындауға және тәуекелдерді бағалауға тиіс.

31. Деректерді өңдеу "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6,7,9-бабтарына сәйкес жүзеге асырылады.

1-параграф. Деректерді жинау

32. Цифрлық жүйе үшін деректерді отын-энергетика кешені саласындағы дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ұсынады.

33. Деректерді жинау мониторинг пен есепке алудың автоматтандырылған жүйелері арқылы жүзеге асырылады, олар деректердің Жүйеге мынадай уақыт аралықтарында тұрақты түрде берілуін қамтамасыз етеді:

газ бойынша – әр 2 сағат сайын;

электр және жылу энергиясы бойынша – әр 15 минут сайын.

34. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде Жүйеге беруге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыға жеткізуге дайындалған айналымдағы шикі мұнай мен газ конденсатының саны, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыға өңдеуге және жеткізуге дайындалған айналымдағы шикі газдың саны туралы мәліметтер жатады, сондай-ақ Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодексінің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттарда жағылатын қабаттағы қысымды сақтау және (немесе) ұстап тұру мақсатында қабатқа айдау арқылы кәдеге жаратуға жататын өз қажеттіліктері үшін пайдаланылады.

35. Жабдықтың жай-күйі, энергияны тұтыну және өндіру туралы деректер ең аз уақыт аралығымен үздіксіз жиналады (нақты уақыт режимінде объектінің маңыздылығына байланысты әрбір 15 минут сайын).

2-параграф. Деректерді өңдеу

36. Деректерді өңдеу үрдістерін анықтау, энергия қажеттіліктерін болжау, ауытқуларды, аварияларды және басқа да жағымсыз ахуалдарды нақты уақыт режимінде анықтау және жою үшін қажет.

37. Деректерді өңдеу сондай-ақ ауытқуларға жедел ден қою үшін есептер мен ескертулер жасауға мүмкіндік береді.

38. Жүйенің бағдарламалық қамтылымы жиналған деректерді автоматты түрде өңдеуді, оның ішінде:

1) деректерді сүзгілеу және қалыпқа келтіруді (шулар мен қателерді жою);

2) деректерді одан әрі талдау үшін ыңғайлы форматқа түрлендіруді;

3) қалыптан тыс ахуалдарды сәйкестендіруді (кернеудің шамадан тыс ауытқуы немесе энергияны тұтыну нормаларынан асып кетуі) қамтамасыз етеді.

39. Деректерді өңдеу үшін энергияға сұранысты болжауға, техникалық ақауларды анықтауға, сондай-ақ жылу энергетикасы мен электр энергетикасы объектілерінің жұмысын оңтайландыруға арналған машиналық оқыту жүйелері мен аналитикалық платформалар қолданылады.

40. Бағдарламалық шешімдер саланың басқа жүйелерімен интеграцияланады және сыртқы факторлар ескеріледі.

41. Уәкілетті орган жалпыға қолжетімді ақпаратты қалыптастыру және тарату мақсатында, сондай-ақ таратуға шектелген ақпарат бөлігінде Жүйеде қамтылған ақпаратты өңдеуді және талдауды жүзеге асырады.

3-параграф. Деректерді мониторингтеу және талдау

42. Мониторингтің басты мақсаты болып табылады шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымына жылу энергетикасы және электр энергетикасы объектілерінің жай-күйіне үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету, қалыпты жұмыс режимдерінен ауытқуларды айқындау және авариялық жағдайлар туындаған кезде уақтылы араласу болып табылады.

43. Мониторинг мыналарды:

1) барлық қосылған объектілер мен құрылғылардың нақты уақыттағы жұмысын қадағалауды;

2) технологиялық процестегі бұзушылықтар, жабдықтың ақаулары немесе қауіпсіздік қатерлері туралы дабылды қамтамасыз етеді.

44. Мониторинг мыналарды:

1) телеметрия жүйелері арқылы қашықтықтан бақылауды;

2) кіріктірілген құлақтандыру жүйелері арқылы бұзушылықтар туралы автоматты дабылды пайдалануды қамтиды.

45. Деректерді визуализациялау құралдары объектілердің жай-күйін жылдам бағалауға арналған графиктер мен диаграммаларды қамтиды.

46. Мониторинг нормалардан ауытқуларға жылдам ден қою мақсатында нақты уақыттағы деректерді талдау үшін алгоритмдерді пайдалануды қамтиды. Алгоритмдер қарапайым шекті мәндерге, сондай-ақ алдыңғы оқыс оқиғалар туралы деректерді пайдалана отырып, күрделі болжау үлгілеріне негізделген.

47. Деректерді талдау мыналарға:

1) болжамдау шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы, жабдықтың ағымдағы тұтынуы мен жай-күйі туралы деректер негізінде энергетикалық ресурстарға қажеттілікке;

2) іркілістер мен авариялардың себептерін айқындау және жою, сондай-ақ мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау, мұнай өнімдерін өндіру, газ және газбен жабдықтау объектілері, магистральдық құбыр желісінің, жылу энергетикасы және электр энергетикасы объектілері жұмысының тиімділігін арттыруға;

3) энергияны тұтынуға және бөлуге сыртқы факторлардың әсерін бағалауға шоғырланған.

48. Деректерді талдау үшін мынадай әдістер:

1) трендтер мен болжауды қоса алғанда, статистикалық талдау;

2) электр энергиясына қажеттілікті немесе ақаулардың пайда болуын болжауға арналған машиналық оқыту модельдері;

3) әртүрлі айнымалылар арасындағы тәуелділіктерді анықтау үшін корреляциялық талдау қолданылады.

49. Талдау процесінде басқарудың барлық деңгейінде шешім қабылдау үшін есептерді, графиктерді және болжамдарды жасауды қолдайтын деректерді кешенді талдау үшін бағдарламалық қамтылымды пайдаланады.

50. Талдау нәтижелері қабылдау үшін ыңғайлы түрде ұсынылады, бұл анықталған проблемаларға жедел әрекет етуді қамтамасыз етеді.

51. Жиналған және өңделген деректер негізінде басқарудың әртүрлі деңгейі (жергілікті, аймақтық, ұлттық) үшін тұрақты және шұғыл есептер автоматты түрде жасалады.

52. Нормалардан немесе қалыптан тыс ахуалдардан ауытқулар анықталған кезде жүйе процестерді түзету үшін мынадай ұсынымдар:

1) қарбалас сағаттарда энергия тұтынуды түзету бойынша ұсынымдар;

2) Жабдықтың жұмысын оңтайландыру бойынша ұсынымдар береді

53. Жиналған деректерде қателер немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, операторлар отын-энергетика кешені субъектісімен алдын ала келісу және алшақтықтардың себептерін көрсете отырып комиссиялық актіні жасау негізінде деректерді қолмен түзетуге құқылы.

6-тарау. Деректерді жинау, өңдеу және сақтау мақсатында отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық объектілеріне қойылатын талаптар

54. Жүйенің жұмыс істеуінің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық объектілері ақпаратты сақтауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру кезінде Бірыңғай талаптарға, сондай-ақ ҚР СТ ЕО 62443-3-3 "Өнеркәсіптік коммуникациялық желілер. Желілер мен жүйелердің қауіпсіздігі. 3-3 бөлім. Жүйелік қауіпсіздік пен қауіпсіздік деңгейлеріне қойылатын талаптар" Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келтірілуге тиіс.

55. Өлшеуге арналған және деректерді Жүйеге беруге арналған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құралдарға қойылатын талаптар "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8 және 11-1 баптарына, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ұлттық стандарттарға сәйкес айқындалады.

56. Отын-энергетика кешені субъектілерінің Цифрлық объектілері деректерді жинауды, өңдеуді және Жүйеге беруді және Бірыңғай талаптарға сәйкес криптографиялық және өзге де қорғау деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті серверлік жабдықты пайдалана отырып, үздіксіз қоректендіру көздерімен, байланыс арналарымен қамтамасыз етіледі.

57. Отын-энергетика кешені субъектілерінің цифрлық объектілеріне қойылатын талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген "Электр және жылу энергиясын, газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің өлшеу құралдарына, цифрлық жүйелеріне және аппараттық-бағдарламалық кешендеріне, сондай-ақ есепке алу құралдарын электр және жылу энергиясы мен газды зияткерлік есепке алу жүйесіне қосу мүмкіндігін және Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жабдыққа қойылатын техникалық талаптарда" айқындалады.

7-тарау. Жылу энергетикасын және электр энергетикасын цифрландыру объектілеріне қойылатын талаптар

58. Талаптар Жүйеге деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған жылу энергетикасы және электр энергетикасы субъектілерінің цифрлық объектілеріне қойылатын ең төменгі қажетті шарттарды айқындайды.

59. Осы талаптар жылу энергетикасы және электр энергетикасы субъектілерінің Жүйемен сенімді, қауіпсіз және үздіксіз ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге бағытталған.

60. Отын-энергетика кешені субъектілерін цифрландыру объектілері жылу және электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және тұтыну туралы деректерді Жүйеге автоматтандырылған жинауды, сақтауды және беруді қамтамасыз етеді.

61. Пайдаланылатын техникалық құралдар сенімділікті, ақпаратты қорғау мен мемлекеттік және салалық цифрлық жүйелермен үйлесімділікті қамтамасыз етеді.

62. Деректер алмасу белгіленген техникалық талаптарға сәйкес қорғалған байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады, берілетін ақпарат толықтығын, дұрыстығын және уақтылығын қамтиды.

63. Деректерді сақтау және архивтеу олардың сақталуын және уәкілетті орган үшін қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

8-тарау. Энергетикалық ресурстарды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешендеріне қойылатын талаптар

64. Электр және жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешендері тиісті тізілімдерге енгізілген және метрологиялық тексеруден өткен, сертификатталған өлшеу құралдарын және бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып, энергетикалық ресурстарды өндіруді, беруді, бөлу мен тұтынуды сенімді және үздіксіз есепке алуды қамтамасыз етеді.

65. Кешендердің барлық элементі (есептегіштер, датчиктер, контроллерлер, серверлік жабдықтар және байланыс арналары) сертификатталған, белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келеді және сәйкестікті растайды.

66. Аппараттық-бағдарламалық кешеннен Жүйеге деректерді беру нақты уақыт режимінде немесе берілген кезеңділікпен, қорғалған байланыс арналарын пайдалана отырып және белгіленген техникалық талаптарға сәйкес автоматты түрде жүзеге асырылады.

67. Аппараттық-бағдарламалық кешендер іркілістер кезінде деректердің сақталуы үшін үздіксіз жұмыс істеуді, резервтік архивтеуді қамтамасыз етеді.

68. Энергетикалық ресурстарды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешені есепке алу аспаптарының жай-күйін (белсенді/белсенді емес, күйі) көрсетуді, жаңарту уақытын белгілей отырып көрсеткіштерді автоматты және қолмен есепке алуды және деректерді стандартты форматтарға экспорттауды, пайдаланушыларды басқаруды (қарау, қосу, редакциялау, жою, сүзу және қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату), архивтерді жүргізе отырып электр энергиясы мен жылу бойынша есептерді қалыптастыруды, мамандандырылған есептеулерді жүргізуді және экспорттауды, аналитикалық функцияларды орындауды (жалпы анықтаманы айқындау, ең жоғары, ең төмен шығыс пен динамиканы айқындау), сондай-ақ әкімшінің, оператордың және абоненттің жұмыс орындарын ұсынуды қамтамасыз етеді.

69. Электр және жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешендеріне қойылатын ең төменгі талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген "Электр және

жылу энергиясын, газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің өлшеу құралдарына, цифрлық жүйелеріне және аппараттық-бағдарламалық кешендеріне, сондай-ақ есепке алу құралдарын электр және жылу энергиясы мен газды зияткерлік есепке алу жүйесіне қосу мүмкіндігін және Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жабдыққа қойылатын техникалық талаптарда" айқындалады.

9-тарау. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелеріне қойылатын талаптар

70. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелері энергияны өндіру, беру және тарату процестерін үздіксіз және қауіпсіз басқаруды, сондай-ақ автоматты және қашықтықтан нақты уақыттағы параметрлерді жедел мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

71. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелері авариялық және штаттан тыс оқиғаларды тіркейді, технологиялық деректерді Жүйеге жібереді, жұмыс режимдерін болжау, талдау және онтайландыру функцияларын қолдайды.

72. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесінің жабдықтары мен бағдарламалық қамтылымы істен шығуға төзімділікті, электр және жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерімен интеграциялауды қамтамасыз етеді және қажет етілетін қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етеді.

73. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесінде деректерді беру және сақтау қол жеткізуді бақылауды, пайдаланушының аутентификациясын және рұқсатсыз араласудан қорғауды қоса алғанда, киберқауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етіледі.

74. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі үздіксіз жұмыс істейді (уақыттың кемінде 99% қолжетімділік коэффициентімен), тұрақты техникалық қызмет көрсетуден өтеді және белгіленген мерзімде технологиялық деректерді архивтеуді қамтамасыз етеді.

75. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі сыртқы автоматтандыру жүйелерімен, субъектілердің цифрлық жүйелерімен және Жүйемен интеграциялау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, стандартты ашық деректер алмасу хаттамаларын қолдайды.

76. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесінің жүйелері оқиғалар журналдарын кемінде 12 ай сақтау мүмкіндігімен басқару оқиғаларын, пайдаланушыларға қол жеткізуді, баптауды өзгертуді және штаттан тыс жағдайларды автоматты түрде тіркеуді қамтамасыз етеді.

77. Технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесінің бағдарламалық қамтылым орталықтандырылған жаңартуларды басқару және жаңа нұсқалар туралы хабарламаны қоса алғанда, алдыңғы нұсқаға оралу мүмкіндігімен қауіпсіз жаңартуды қолдайды.

78. Жоғары сыни объектілерде технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі резервтелген байланыс арналарын, қуат көздерін және негізгі жабдық істен шыққан кезде автоматты ауысу функциясы бар серверлік тораптарды қамтиды.

79. Барлық енгізілген технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесі қосылу схемаларын, баптау жөніндегі нұсқаулықтарды, техникалық қызмет көрсету тәртібін және істен шығу кезінде қалпына келтіру жоспарын қамтитын пайдалану құжаттамасымен бірге жүреді.

80. Есепке алу аспаптарын өндіруші және (немесе) оның ресми өкілі есепке алу аспаптарын отын-энергетикалық кешен субъектісінің балансына жеткізумен бірге технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесін беруді қамтамасыз етеді.

10-тарау. Автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесінің жұмыс істеуі үшін серверлік жабдыққа және операциялық жүйеге қойылатын техникалық талаптар

81. Серверлік жабдық кемінде 99% қолжетімділікпен тәулік бойы жұмыс істеуді, нақты уақыт режимінде деректердің үлкен көлемін өңдеуді және ауқымдалықты қолдауды қамтамасыз етеді.

82. Қоректендіруді, дискілік массивтерді, байланыс арналарын резервтеу, сондай-ақ деректердің тұрақты резервтік көшірмесін жасау және қалпына келтіру қамтамасыз етіледі.

83. Операциялық жүйе көп пайдаланушыға қол жетімділікті, қауіпсіздік жаңартуларын және мәліметтер базасымен және электр мен жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің дерекқор базасымен және бағдарламалық қамтылыммен үйлесімділігін қолдайды.

84. Серверлік жүйелер қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды, пайдаланушылардың аутентификациясын және құралдарды қолдануды қоса алғанда, ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді киберқауіпсіздік.

85. Серверлік жүйелер орталықтандырылған әкімшілендіруді, мониторингті, автоматты диагностикалауды және архивтік деректерді белгіленген мерзімдерде сақтауды қолдайды.

86. Өлшеу құралдары мен өзге де жабдық өлшеу нәтижелеріне араласу және (немесе) есептік деректерді бұрмалау мүмкіндігін болғызбау үшін сыртқы әсерден және (немесе) рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалады.

87. Цифрлық жүйенің киберқауіпсіздік талаптарға сәйкестігін растайтын сертификаты болады.

88. Коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған серверлік жабдыққа және операциялық жүйеге қойылатын ең төменгі техникалық талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген "Электр және жылу энергиясын, газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің өлшеу құралдарына, цифрлық жүйелеріне және аппараттық-бағдарламалық кешендеріне, сондай-ақ есепке алу құралдарын электр және жылу энергиясы мен газды зияткерлік есепке алу жүйесіне қосу мүмкіндігін және Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жабдыққа қойылатын техникалық талаптарда" айқындалады.

11-тарау. Энергетикалық ресурстарды есепке алудың зияткерлік жүйелерінде ақпаратты беру технологиясына қойылатын талаптар

89. Деректерді беру ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ете отырып, берілген мерзімділікпен немесе нақты уақытта автоматты режимінде жүзеге асырылады.

90. Деректермен алмасу үшін басқа цифрлық жүйелермен үйлесімділікті қамтамасыз ететін байланыс хаттамалары пайдаланылады.

91. Ақпарат деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, қорғалған байланыс арналары арқылы беріледі.

92. Жүйе электрмен жабдықтаудағы іркілістер немесе үзілістер кезінде ақпаратты берудің резервтік арналарын және деректердің сақталуын қамтамасыз етеді.

93. Ақпаратты беру технологиясы байланыс сапасын мониторингтеуді және ақаулардан кейін автоматты түрде қалпына келтіруді қолдайды.

94. Интеллектуалды есеп жүйесі байланыс арналарының резервтік көшірмесін (негізгі және резервтік), сондай-ақ үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін автоматты түрде ауысуды қолдайды.

95. Ақпаратты беру технологиясы мемлекеттік және салалық ұйымдармен цифрлық жүйелермен үйлесімділік пен интеграциялауды қамтамасыз етеді.

12-тарау. Жылу және электр энергиясын есепке алуды жүзеге асыратын, есепке алу аспаптарын қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін өлшеу құралдарына, жабдықтарға және материалдық емес активтерге қойылатын талаптар

96. Жылу және электр энергиясын өлшеу құралдары (оның ішінде жылу есептегіштер, электр есептегіштер, датчиктер, тіркегіштер) Қазақстан

Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуге және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес тексеруден (поверкадан) өткізілуге тиіс.

97. Жабдық пен бағдарламалық қамтылым жылу және электр энергиясын есепке алудың интеллектуалды жүйесіне есепке алу аспаптарын қашықтықтан қосу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

98. Есепке алу аспаптары деректерді автоматтандырылған беруді, архивтік ақпаратты сақтауды және Жүйемен интеграциялауды қолдайды.

99. Сертификатталған материалдық емес активтер (бағдарламалық қамтылым, мәліметтер базасы, лицензиялар) ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

100. Барлық өлшеу құралдары мен жабдықтарының деректерді берудің жаңа стандарттарымен және хаттамаларымен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін жаңғырту және жаңарту мүмкіндігі бар.

101. Жабдық істен шыққан кезде жылумен жабдықтау субъектілері есепке алудың үздіксіздігін сақтай отырып, оны кәсіпорынның техникалық регламентінде көзделген мерзімдерде, бірақ 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей ауыстыруды қамтамасыз етеді.

102. Өлшеу құралдары мен бағдарламалық қамтылымға техникалық және метрологиялық құжаттама жүйеде электронды түрде сақталады.

103. Өлшеу құралдары мен жабдықтары өлшеу нәтижелеріне араласу және (немесе) есепке алу деректерінің бұрмалану мүмкіндігін болдырмау үшін сыртқы әсерден және (немесе) рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалады.

104. Электр энергиясын есепке алу аспаптарының күнді және уақытты белгілей отырып, негізгі параметрлердің сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ тұтынылған белсенді және реактивті электр энергиясының мәндерінің тікелей және кері бағытта, жиынтық сияқты әр тариф бойынша да жадында жазылуын және олардың сақталуын қамтамасыз ететін энергияға тәуелсіз жады болады.

105. Жылу энергиясын есепке алу аспабы күнді және уақытты белгілей отырып, негізгі параметрлердің сақталуын, сондай-ақ тұтынылған жылу энергиясының, жылу қуатының, жылу тасымалдағыштың көлемі мен массасы мәндерінің жазылуын және олардың сақталуын қамтамасыз ететін энергияға тәуелсіз жады болады.

106. Есепке алу аспаптары тіркелген оқиғалар туралы ақпаратты тіркеп-бекітуді, тіркеуді, сақтауды және беруді қамтамасыз ететін кіріктірілген оқиғалар журналдарымен жаратандырылады.

107. Электр және жылу энергиясын есепке алуды жүзеге асыратын, сондай-ақ есепке алу құралдарын электр және жылу энергиясын зияткерлік есепке алу жүйесіне қосу мүмкіндігін және жүйемен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін өлшеу құралдарына, жабдыққа және материалдық емес активтерге қойылатын ең төменгі талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген "Электр және жылу энергиясын, газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің

өлшеу құралдарына, цифрлық жүйелеріне және аппараттық-бағдарламалық кешендеріне, сондай-ақ есепке алу құралдарын электр және жылу энергиясы мен газды зияткерлік есепке алу жүйесіне қосу мүмкіндігін және Отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін жабдыққа қойылатын техникалық талаптарда" айқындалады.

13-тарау. Өндірістік объектілерді шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу аспаптарымен жарактандыру және шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу аспаптарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібі

108. Есепке алу аспаптары отын-энергетика кешенінің субъектілері өндірістік объектілерінің технологиялық схемасына (бұдан әрі – Сызба) сәйкес орнатылады.

Мұнай құбыры компанияларының шикі мұнайын және газ конденсатын, сондай-ақ газ тасымалдау ұйымдарының шикі газын және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) қабылдау-тапсыру пункттерінде белгіленген есепке алу аспаптары болған кезде қайталануды болдырмау мақсатында отын-энергетика кешені субъектісінде есепке алу аспаптарын орнату талап етілмейді.

109. Отын-энергетика кешені субъектісінің есепке алу аспаптарын орнату схемасы есепке алудың толықтығын және тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында субъектінің нақты технологиялық жағдайлары: қатысты айқындалады:

отын-энергетика кешені субъектісінің технологиялық процестеріне тартылған кіріс ағындары (сұйықтық, мұнай, газ, газ конденсаты, су);

отын-энергетика кешені субъектісінің өндірістік қызметі нәтижесінде алынған шығыс ағындары.

110. Отын-энергетика кешені субъектісінің есепке алу аспаптарын орнату схемасы уәкілетті органмен алдын ала келісіледі.

Отын-энергетика кешені субъектісінің есепке алу аспаптарын орнату схемасын қарау ол уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Отын-энергетика кешені субъектісінің есепке алу аспаптарын орнату схемасын қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген кезде келіседі не келісуден бас тартады, бұл туралы Субъектіге дәлелді бас тарту жіберіледі.

111. Отын-энергетика кешені субъектілерінің өндірістік объектілерінде есепке алу аспаптарын орнату "Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу аспаптарымен жарактандыруға жататын өндірістік объектілердің тізбесін және оларды жарактандыру мерзімдерін бекіту туралы

" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19559 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

112. Есепке алу аспаптарының көлемдерін өлшеу Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде аттестатталған және тіркелген қателікпен өлшеулерді орындау әдістемесінің негізінде анықталады:

МЕМСТ 8.587 "Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Мұнай мен мұнай өнімдерінің массасы. Өлшемдерді орындау әдістемелеріне қойылатын жалпы талаптар";

МЕМСТ 30319.1 "Табиғи газ. Физикалық қасиеттерді есептеу әдістері. Жалпы ережелер";

МЕМСТ 30319.2 "Табиғи газ. Физикалық қасиеттерді есептеу әдістері. Стандартты жағдайлар мен азот пен көмірқышқыл газының құрамындағы тығыздық деректеріне негізделген физикалық қасиеттерді есептеу";

МЕМСТ 30319.3 "Табиғи газ. Физикалық қасиеттерді есептеу әдістері. Компоненттік құрам туралы мәліметтер негізінде физикалық қасиеттерді есептеу";

"Мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшем тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2019 жылғы 11 наурыздағы № 81 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 143 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18435 болып тіркелген).

113. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепке алу аспаптарын қолдануға рұқсат етіледі.

114. Отын-энергетика кешені субъектілерінің схемаларына сәйкес орналасқан есепке алу аспаптарынан алынған ақпарат олардың бағдарламалық қамтылымында сақталады және өңделеді.

115. Өңделген ақпаратты есептеу аспаптарынан Жүйеге беру отын-энергетика кешені субъектілерін бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Отын-энергетика кешенінің
бірыңғай мемлекеттік жүйесін
қалыптастыру, жүргізу және
оның жұмыс істеуі қағидаларына

1-қосымша

Отын-энергетика кешені субъектісінің цифрлық жүйесімен отын-энергетика кешенінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылына қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Интеграцияны іске асыру жөніндегі осы талаптардың мақсаты "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы отын-энергетика

кешені субъектісінің цифрлық жүйесімен (бұдан әрі – субъектінің жүйесі) өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қол жеткізуді ұйымдастыру және ақпарат алу талаптарын сипаттау болып табылады.

2. Осы талаптар ұйымды Отын-энергетика кешенінің бірыңғай мемлекеттік жүйесіне (бұдан әрі – Жүйе) шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу бөлігінде қосуға байланысты мәселелер бойынша негізгі болып табылады.

3. Әзірленіп жатқан функционалға көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын субъектілердің деректері бойынша есепке алу және талдау функциялары жүктелген қызметкерлері қол жеткізе алады.

2-тарау. Функционалдық талаптар

4. Жүйелер арасындағы ақпарат алмасу веб-сервис технологиясын – әртүрлі бағдарламалық кешенді тиімді интеграциялаудың жалпыға бірдей қабылданған тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл деректермен алмасу SOAP-хабар жіберу арқылы жүргізіледі дегенді білдіреді. HTTP (S) хаттамасы осындай хабарламаларды жеткізу құралы ретінде әрекет етеді.

5. Әртүрлі жүйелердің интеграциясын жеңілдету үшін барлық веб-сервистерге Web Services Interoperability Organization ұйымы әзірлеген WS-I Basic Profile 1.1 (<http://www.ws-i.org/Profiles/BasicProfile-1.1.html>) өзіндік ерекшелігіне сәйкестігі талабы қойылады. Осы сипаттамада келтірілген ұсынымдарға сүйене отырып, веб-сервистерді әзірлеушілер өз өнімдерінің технологиялық үйлесімділігіне қол жеткізе алады, бұл олардың бірыңғай кешенге интеграциялануын жеңілдетеді.

Сервистік интерфейстердің сипаттамасы WSDL 1.1 стандартына сәйкес орындалады (<http://www.w3.org/TR/2001/NOTE-wsdl-20010315>), ал ақпараттық хабарлама құрылымдарының формальды сипаттамалары XML Schema Definition (<http://www.w3.org/XML/Schema#dev>) XSD-құжаттарын білдіреді.

6. Веб-сервистің WS-I Basic Profile 1.1 талаптарына сәйкестігін тексеру үшін Interoperability Testing Tools1.1 құралын (http://www.ws-i.org/Testing/Tools/2005/06/WSI_Test_Java_Final_1.1.zip) пайдалану ұсынылады.

Ақпарат алмасу уақытына қойылатын талаптар

7. Ақпарат алмасу осы талаптарға 2-қосымшаға сәйкес синхронды режимде жүргізіледі, оны іске асыру үшін 2-кестеде берілген өнімділік пен сенімділік талаптарының жиынтығы ұсынылады.

8. Субъектінің жүйелерімен мен Жүйе арасында берілетін пакеттің мөлшері 15 МБ-дан аспайды.

1-кесте. Синхронды сервистерге қойылатын өнімділік және сенімділік бойынша талаптар

№ p/c	Бақыланатын көрсеткіш	Шектеу
1	Сұрау салуды өңдеудің максималды уақыты	30 секундқа дейін
2	Сұрау салуды өңдеудің орташа уақыты	10 секундқа дейін
3	Ең жоғары жүктеме	сағатына 2000 сұрау салу
4	Номиналды жүктеме	сағатына 360 сұрау салу
5	Іркілссіз орташа жұмыс уақыты	365/7/24
6	Жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруге арналған уақыт	3сағат

9. Деректерді стандартты жіберуді бұзатын ахуалдар туындаған жағдайда отын-энергетика кешені саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы (бұдан әрі – Ведомстволық бағынысты ұйым) орын алған іркіліс және іркілістің туындау уақыты туралы хабардар ету қажет.

10. Техникалық ақаулар туындаған кезде мына әрекеттерді жүзеге асыру қажет:

электр қуаты өшіп қалса, байланыс арнасы болмаған (оның ішінде ішкі жергілікті желі шегінде – есепке алудың бақылау аспабы мен серверлік жабдық арасында) және басқа да техникалық іркіліс кезінде Деректер операторының және уәкілетті органның алдын ала ұсынылған мекенжайлар мен контактілеріне үш сағат ішінде хабарлама жіберу, сондай-ақ бір тәулік ішінде ақауларды жою мерзімдері туралы хабарлау.

есепке алудың бақылау аспабы жұмысында өзге де іркілістер кезінде (соның ішінде есепке алудың бақылау аспабы деректерін беру процесіне қатысатын жабдықты ауыстыру), Деректер операторының және уәкілетті органның алдын ала ұсынылған мекенжайлары мен контактілеріне дереу хабарлама жіберу, сондай-ақ бір тәуліктен аспайтын мерзімде ақаулықты жою мерзімдері туралы хабарлау.

11. Серверлік жабдықтар мен байланыс желілерінің профилактикалық-жоспарлы жұмыстарын жүргізу қажет болған кезде уәкілетті органның және Деректер операторының мекенжайына электрондық хабарлама алдын ала жіберілуі керек.

12. Веб-сервис қолжетімсіз болған және Жүйеге деректерді жіберу сәтсіз аяқталғаны туралы хабарлама алынған жағдайда қате туралы хабарды алғаннан кейін 30 минуттан соң деректерді жіберу әрекетін қайталау қажет.

Күніне деректерді жіберу әрекеттерінің жалпы саны 3-тен аспауы керек. Егер деректер белгіленген мерзімде сәтті жіберілмесе, келесі күндері жіберілмеген барлық алдыңғы есептік кезеңдер үшін деректерді беру қажет.

Тест стендін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

13. Сынақтар субъектінің жүйесі және Жүйе ұсынған тест стендінде өткізіледі. Тест стендінің конфигурациясы цифрлық жүйе өнімді ортасының конфигурациясына толығымен сәйкес келуі тиіс.

Электрондық цифрлық қолтаңба қалыптастыруға қойылатын талаптар

14. "Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы берілетін сұрау салу деректеріне субъектінің жүйесі иесінің және/немесе оның сенімді тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылуы тиіс. Жүйе иесінің тіркеу куәлігі оның жауапты басшысының атына берілуі тиіс.

15. Электрондық цифрлық қолтаңбаны тексеру "Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Жөнелтушіден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алынған электрондық құжаттар мына қағидалар бойынша тексеріледі:

1) Электрондық құжаттың құрылымы XML форматына сәйкес келеді. Құжатқа қол қою XML design стандартына және W3C консорциумының "XML – Signature Syntax and Processing" ("XML синтаксисі және қолтаңбаны өңдеу") өзіндік ерекшелігі бойынша жүзеге асырылады, сілтемені қараңыз <http://www.w3.org/TR/xmlsig-core/>;

2) Тексерілетін тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі келді және аяқталған жоқ.

3) Тіркеу куәлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған (Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған).

4) Тексерілетін тіркеу куәлігі кері қайтарылған жоқ. Тексеру Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы сайтынан OCSP түбіртегін алу арқылы жүзеге асырылады, осы электрондық құжатты қайта тексерген кезде бұрын алынған түбіртекті пайдалануға болады – бұл жағдайда тексеру түбіртекті алған күні жүзеге асырылады. OCSP сервисі қолжетімсіз болған кезде қайтарып алынған CRL және Delta CRL тіркеу куәліктерінің тізімі бойынша тексеруді жүзеге асыру қажет (Ұлттық куәландырушы орталығы CRL және Delta CRL-де тіркеу куәлігінің сериялық нөмірінің болуын тексеру). Ұлттық куәландырушы орталығы CRL және Delta CRL тексерілетін тіркеу куәлігінде көрсетілген жол бойынша өтуі тиіс.

5) Тексерілетін тіркеу куәлігінен бастап барлық аралық тіркеу куәліктері бар негізгі сенім білдірілген куәлікке дейінгі дұрыс тізбектің құрылуын тексеру.

6) "Кілтті пайдалану" (KeyUsage) өрісін тексеру, яғни электрондық цифрлық қолтаңба үшін пайдаланылатын тіркеу куәлігі үшін "Цифрлық қолтаңба", "

Бастартпаушылық" мәндерінің және аутентификация үшін пайдаланылатын тіркеу куәлігі үшін "Цифрлық қолтаңба", "Кілттерді шифрлау" мәндерінің бар екеніне көз жеткізу қажет.

7) Саясат нөмірін және тіркеу куәлігін пайдаланудың рұқсат етілген тәсілдерін тексеру. Мысалы, егер шығарылған тіркеу куәлігінің саясатында оның пайдаланылуын шектеу көзделсе (тек бір жүйеде), онда бұл тіркеу куәлігі мен тиісті жабық кілт басқа жүйелерде пайдаланылмауы тиіс.

8) Тасымалдау қолтаңбасында уақыт белгісін тексеру қолданылмайды.

9) Уақыт белгісін тексеру бизнес деректеріне қол қоюда пайдаланылады.

Егер тексерулердің бірі орындалмаса, сертификаттау жолы жарамсыз болады.

Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған файлдың құрылымына қойылатын талаптар

17. Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған XML-файлдың құрылымы W3C консорциумының "XML – SignatureSyntaxandProcessing" ("XML қолтаңбасының синтаксисі және өңделуі") өзіндік ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс, сілтемені қараңыз <http://www.w3.org/TR/xmlsig-core/>.

2-кесте. Қол қойылған SOAP-хабарының тақырыбы мынадай құрылымға ие:

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы
wsse:Security	WS-Security қатысты барлық ақпаратты қамтитын тақырып элементі.
Ds:Signature	XMLSignature стандартында көзделген элемент электрондық цифрлық қолтаңба жіберуге арналған. Бұл элементтің ішінде ds:SignedInfo, ds:SignatureValue және ds:KeyInfo элементтері болуы тиіс.
Ds:SignedInfo	Канондау (ds:CanonicalizationMethod) алгоритмінің сәйкестендіргішін қамтитын элемент, қолтаңба алгоритмінің сәйкестендіргіші (ds:SignatureMethod) және қол қойылған XML туралы ақпаратты қамтитын бір немесе бірнеше ds:Reference элементі.
Ds:CanonicalizationMethod	Algorithm атрибутында канондау алгоритмінің сәйкестендіргішін қамтитын элемент. Алгоритмді пайдалану ұсынылады "ExclusiveXMLCanonicalization1.0" (http://www.w3.org/TR/xml-exc-c14n/). Осы алгоритмнің сәйкестендіргіші: http://www.w3.org/2001/10/xml-exc-c14n# - жоғарыдағы мысалда келтірілген. Бұл алгоритм, мысалы, іске асырылған apachexml Security кітапханасына (http://santuario.apache.org/index.html).
Ds:SignatureMethod	Algorithm атрибутында қолтаңба алгоритмінің сәйкестендіргішін қамтитын элемент.

Ds:SignatureValue	Электрондық цифрлық қолтаңба мәні Base64 кодталған.
Ds:Reference	Қол қойылған XML-ды сипаттайтын элемент. URI төлсипаты SOAP-хабарының негізгі бөлігінде орналасқан қол қойылған XML элементінің сәйкестендіргішін көрсетеді. Мысалы: URI="#testId". Бұл ретте хабарламаның негізгі бөлігінде: <testwsu:Id="testId"> бар. Бұл test элементіне қол қойылғанын білдіреді. Ds:Reference элементі қол қойылатын XML-элементіне (ds:Transforms) қолданылатын түрлендірулер тізімін, сәйкестендіргішті қамтиды
	хэштеу алгоритмінің (ds:DigestMethod) және қол қойылатын XML элементінің (ds:DigestValue) хэші.
Ds:Transforms	Хэштеу алгоритмін қолданар алдында қол қойылған XML-элементіне қолданылатын түрлендірулердің реттелген тізімі.
Ds:Transform	Algorithm атрибутында түрлендіру алгоритмінің сәйкестендіргіші бар элемент көбінесе канондау алгоритмінің сәйкестендіргіші. "ExclusiveXMLCanonicalization1.0" (http://www.w3.org/TR/xml-exc-c14n/) алгоритмін пайдалану ұсынылады. Осы алгоритмнің сәйкестендіргіші: http://www.w3.org/2001/10/xml-exc-c14n# - жоғарыдағы мысалда келтірілген. Бұл алгоритм, мысалы, ApacheXMLSecurity (http://santuario.apache.org/index.html) кітапханасында жүзеге асырылады.
Ds:DigestMethod	Algorithm атрибутында хэштеу алгоритмінің сәйкестендіргішін қамтитын элемент.
Ds:DigestValue	Base64 кодталған қол қойылатын XML элементінің хэш функциясының мәні.
Ds:KeyInfo	Хабар жіберушінің ашық кілті туралы ақпаратты қамтитын элемент. Аталған ақпарат хабарламаны алу контексіне қатысты қосымша болжамдарсыз электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік береді.
Ds:X509Data/ ds:X509Certificate	Base64 кодталған хабар жіберушінің X.509 сертификаты.

Электрондық коммуникация құралдарына, компьютерлік және коммуникациялық жабдықтарға қойылатын талаптар

18. Электрондық коммуникация құралдарына қойылатын талаптар:

Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы тараптар арасында электрондық түрде ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін және техникалық шарттарға сәйкес келетін электрондық байланыс құралдары заңнама талаптарына сәйкес келуі тиіс.

19. Көліктік коммуникациялық орта мыналарды қамтуы тиіс:

Деректерді беру арналары;

Коммуникациялық жабдықтар;

Рұқсатсыз қол жеткізу және арнайы әсерлер (NSD) арқылы көшіруден, жоғалтудан, тарап кетуден, жоюдан, бұрмалаудан немесе қолдан жасаудан байланыс арналары арқылы беру кезінде деректерді аппараттық қорғау және ақпарат алмасу жылдамдығын кемінде 1 Мб/с қамтамасыз ету.

20. Жүйелер арасындағы деректер алмасу мына форматтарға сәйкес келуі тиіс:

Тасымалдау хаттамасы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген SSL тіркеу куәліктерін қолдана отырып, HTTPS пайдалану;

Өзара іс-қимыл хаттамасы ретінде SOAP хаттамасын (Simple Object Access Protocol) пайдалану;

SOAP хаттамасы бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде WS-security өзіндік ерекшелігіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген цифрлық жүйенің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалану;

WSDL сипаттау тілі;

электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған деректер құрылымын сипаттау үшін XSD тілі;

электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған XML-файлдың құрылымы W3C консорциумының "XML - Signature Syntax and Processing" (XML қолтаңбасының синтаксисі мен өңделуі) өзіндік ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс.

21. Көліктік хаттама

Деректерді беру үшін TCP/IP тасымалдау хаттамасы пайдаланылады. Өнеркәсіптік режимде ақпарат алмасуды іске қосқанға дейін мына рәсімдердің орындалуы қамтамасыз етілуі керек:

тестілік стендте ақпарат алмасу тестілеуін өткізу;

"цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы субъектінің жүйелері мен Жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылының тәжірибелік пайдалануын жүргізу;

тәжірибелік пайдалану нәтижелеріне талдау жүргізу, қажет болған жағдайда бағдарламалық қамтамасыз етуді пысықтауды қамтамасыз ету.

22. Құқық бұзушылық фактілері болған кезде субъектінің жүйесі, Жүйе және цифрлық үкіметтің сыртқы шлюзі / цифрлық үкімет шлюзінің әкімшілері себептерді анықтау және жою үшін талдау жүргізеді. Хабарларды қабылдау/жіберуді есепке алудағы бұзушылықтар фактілерін талдауды субъектінің жүйесі, Жүйе әкімшілері күн сайын жүргізуі тиіс.

VPN туннелі арқылы өзара іс-қимылға қойылатын талаптар

23. VPN туннелі қауіпсіздіктің 3 деңгейінен төмен емес, ҚР СТ 1073 сәйкес сертификатталған ақпаратты криптографиялық қорғаудың аппараттық құралдарын қолдана отырып ұйымдастырылады;

24. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына ҚР СТ 1073 сәйкес шифрлау алгоритмі қолданылуы тиіс;

25. Сыртқы цифрлық объектілердің иелері VPN туннелі құралы арқылы өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін ақпаратты криптографиялық қорғаудың аппараттық құралдарын дербес сатып алады. Бұл ретте сатып алынатын ақпаратты криптографиялық қорғаудың аппараттық құралдарын "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі жағында орнатылған ақпаратты криптографиялық қорғаудың аппараттық құралдарымен үйлесімді болуы тиіс.

Сыртқы интерфейстерге қойылатын талаптар

26. Мәліметтерді алу сервисіне қосылған кезде сыртқы цифрлық жүйе " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысының 139-тармағының 7 және 11 тармақшаларының ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

27. Субъектілердің сыртқы жүйелері мен Жүйені интеграциялау тәртібі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген "Цифрлық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес келуі тиіс.

28. Әр түрлі өзара іс-қимыл хаттамаларын іске асыру үшін ақпаратты сипаттау тілі ретінде XML тілі негізінде жасалған ашық стандарттарды пайдалану қажет. Оның ашықтығы Ұлттық цифрлық инфрақұрылым шегіндегі Жүйелердің бағдарламалық шешімдердің әртүрлі өнім берушілерінен тәуелсіздігіне кепілдік беріп, оларды болашақта цифрлық ресурстарды дамыту тетігімен қамтамасыз етуі тиіс.

29. XML тілі берілетін деректерді ұсыну стандарты ретінде пайдаланылуы керек. XML стандартына негізделген SOAP (Simple Object Access Protocol) – қабылданған және жіберілген хабарламалардың пішімін сипаттау үшін, WSDL (Web Services Description Language) – қызмет интерфейстерін сипаттау үшін, UDDI (Universal Description, Discovery and Integration) – қолжетімді қызметтер каталогын құру сияқты сервистік өзара іс-қимыл хаттамалары. қазір көптеген қолданбалы мәселелерді шешу үшін кеңінен қолданылады, өйткені олар бағдарламалау тілдерінен және бағдарламалық қамтылым өндірушілерінен толықтай дерлік тәуелсіздікті қамтамасыз етеді.

3-тарау. Өзара іс-қимыл процесін орындау тәртібі

Субъектілер арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі

30. Бұл тарауда "Smart Bridge" платформасы арқылы интеграциялау рәсімі сипатталған (1-қосымшаны қараңыз).

31. Ведомствоға бағынысты ұйым өз өкілеттіктері шеңберінде "Smart Bridge" платформасы арқылы өтінімдерді қабылдауды қамтамасыз етеді.

32. Интеграция жаңғыртылған "цифрлық үкімет" шлюзі (2.0) деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс. субъектінің жүйесі, цифрлық үкіметтің сыртқы шлюзі/ цифрлық үкімет шлюзі , Жүйе интеграциялау тәртібі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес келуі тиіс.

33. Ақпараттық өзара іс-қимыл қатысушыларын тағайындау:

субъектінің жүйесі ақпарат беруші болып табылады;

"цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі/ "цифрлық үкімет" шлюзы "цифрлық үкімет" цифрлық жүйелерінің электрондық хабарларымен алмасудың әмбебап тасымал ортасы болып табылады;


Жүйе ақпарат алушы болып табылады;

Ведомстволық бағынысты ұйым уәкілетті органның Жүйесін әзірлеуші болып табылады.

Интеграцияның бизнес-процесі 1-суретте ұсынылған.

34. Тәуліктік деректер міндетті түрде күн сайын тіркелген уақытта, қатаң түрде 00:00-де жіберілуге тиіс.

35. Нақты уақыттағы деректер сағат 02:00-ден бастап екі сағаттық аралықпен берілуі тиіс. Бұл жіберу графигі Жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, нақты уақыт режимінде ақпараттың өзектілігін қолдауға мүмкіндік береді.



1-сурет – субъектінің жүйесінің / "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзінің / "цифрлық үкімет" шлюзінің / Жүйенің өзара ақпараттық іс-қимыл диаграммасы

Ақпарат алмасу тәртібі

36. "Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы субъектінің жүйесі мен Жүйе арасындағы ақпарат алмасу Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңба пайдалана отырып, XML-форматтағы электрондық хабарламалар арқылы жүзеге асырылады;

37. Жүйелер арасындағы өзара іс-қимыл қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында электрондық құжатта Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған өзара іс-қимыл жасайтын Жүйенің есептік жазбасы/паролі және көлік қолтаңбасы болуы керек, ал бизнес деректерге цифрлық жүйе иесінің цифрлық сертификаты қол қоюы керек, өйткені хабарлар осы Жүйелерде пайдаланушылардың қатысуынсыз өңделеді.

38. Электрондық құжаттар мынадай екі түрге жіктеледі: "сұрау салу" және "жауап". Электрондық құжатпен бастамашылық жасалған ақпарат алмасу "сұрау салу" түріндегі хабар болып табылады. "Сұрау салу" түріндегі электрондық құжатқа алушы жіберушіге "жауап" түріндегі электрондық құжатты жіберуі керек.

39. Сұрау салу түріндегі хабар Субъектінің жүйелерінен "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы Жүйеге, ал жауап синхронды түрде Жүйеден "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы субъектінің жүйесіне жіберілуі керек.

40. Жүйелердің өзара іс-қимылы "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы веб-сервистер технологиясын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

41. Деректерді жіберу осы техникалық талаптарға 2-қосымшаға сәйкес жүргізілуі тиіс. Алмасуға жататын деректер ұлғайған кезде деректерді жіберу бойынша мерзімдер уәкілетті органның келісімі бойынша қайта қаралатын болады.

42. Субъектінің жүйелері мен Жүйелердің өзара іс-қимылы синхронды режимде жүргізіледі.

43. Деректермен алмасу SOAP-хабарларын жіберу арқылы жүргізіледі. HTTP (S) хаттамасы осындай хабарларды жеткізу құралы ретінде әрекет етеді.

44. Жүйе оқиғалар журналына тиісті коды бар хабарларды қабылдау/жіберу фактісін тіркейді. Оқиғалар журналын толтырған кезде деректер толтырылуына қарай архивтеледі. Архивте Жүйеге деректер жіберілген сәттен бастап соңғы 3 жылдағы деректер болуы керек.

45. Деректерді өңдеу процесінде барлық уақыт параметрлерін тіркеп-бекіту Астана қаласының уақыты бойынша жүргізіледі.

46. Өзара іс-қимылды дамыту процесінде деректердің құрылымы мен форматы өзара іс-қимыл жасайтын тараптардың келісімі бойынша алынған мәліметтердің өзгеруі мен толықтырылуына байланысты өзгертілуі мүмкін.

Сұрау салуды өңдеу тәртібі

47. Субъектінің жүйесі осы техникалық талаптарға қосымшаларға сәйкес деректерді (сұрау салуды) қалыптастырады, субъектінің жүйесі жүйелік электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды, сұрау салуды ISUN_Service / ISUN_Service2 сервисі бойынша "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне жібереді және оқиғалар журналында сұрау салу жазбасын жүргізеді.

48. Техникалық ақаулар болмаған жағдайда субъектінің жүйесі сұрау салуды "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне келіп түседі және субъектінің жүйесі жүйелік электрондық цифрлық қолтаңба түпнұсқалығы тұрғысынан валидациядан өтеді.

49. "Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне сұрау салуды қабылдайды, өзара іс-қимыл бастамашысын авторизациялайды, көрсетілген өзара іс-қимылға құқықтарды тексереді. Тексеру нәтижесі сәтсіз болған жағдайда субъектінің жүйесіне қате туралы хабарды қайтарады. Тексеру сәтті өткен жағдайда оны "цифрлық үкімет" шлюзіне береді.

50. "Цифрлық үкімет" шлюзі сұрау салуды қабылдайды, хабардың тұтастығын, субъектінің жүйесі электрондық цифрлық қолтаңба жарамдылығын тексереді және хабар тақырыбын, хабар конвертін "цифрлық үкімет" шлюзіне синхронды арнаның хабар деректерінің форматтарына сәйкестігін тексереді. Өзара іс-қимыл бастамашысының авторизациясын жүргізеді, көрсетілген өзара іс-қимылға құқықтарды тексереді. Тексеру нәтижесі сәтсіз болған жағдайда субъектінің жүйесі қате туралы хабарды қайтарады. Тексеру сәтті өткен жағдайда оны ISUN_Service/ISUN_Service2 сервисі бойынша Жүйеге береді.

51. Жүйе хабардың тұтастығын, субъектінің жүйесі электрондық цифрлық қолтаңбаның жарамдылығын тексереді және өзара іс-қимылдың бастамашысын авторизациялайды. Тексеру сәтсіз болған жағдайда Жүйе электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды және "цифрлық үкімет" шлюзіне қате туралы хабарды қайтарады. Тексеру сәтті өткен жағдайда сұрау салуды алғаны туралы жауап қалыптастырады, оған Жүйе электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды және "цифрлық үкімет" шлюзіне жібереді.

52. "Цифрлық үкімет" шлюзіне хабардың тұтастығын, Жүйе электрондық цифрлық қолтаңбамен және хабар тақырыбының жарамдылығын тексереді. Тексеру сәтті өткен жағдайда алынған жауапты "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне жібереді.

53. "Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне өзара іс-қимыл бастамашысының авторизациясын жүргізеді, көрсетілген өзара іс-қимылға құқықтарды тексереді. Тексеру сәтсіз болған жағдайда Жүйеге қате туралы хабарды қайтарады. Тексеру сәтті өткен жағдайда алынған жауапты субъектінің жүйесіне жібереді.

54. Субъектінің жүйесі алмасу процесін аяқтайды.

55. Субъектінің жүйесі ақпарат алмасудың аяқталғанын тіркеп-бекітеді.

56. Субъектінің жүйесі және Жүйе жұмысындағы технологиялық үзілістер олар басталғанға дейін үш күн бұрын субъектінің жүйесі/Жүйе және "цифрлық үкіметтің"

сыртқы шлюзі және "цифрлық үкімет" шлюзі әкімшілерімен алдын ала айтылып келісіледі (әдепкі қалпы бойынша технологиялық үзілістер түнгі уақытта 22:00-ден 6.00-ге дейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері).

57. Деректер 2 сағат аралықпен, сондай-ақ 2-қосымшаға сәйкес күн сайын жіберіледі.

Хабарлардың түрлері, субъектінің жүйесі процестері және олар қалыптасатын Жүйе 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Хабарлардың түрлері

Хабар		"Цифрлық үкіметтің " сыртқы шлюзі және"цифрлық үкімет" шлюзі арқылы субъектінің жүйесі және Жүйе процестері	Жіберуші	Алушы
Атауы	Түрі			
1	2	3	4	5
Хабарлардың түрлері				
"Сұрау салу" хабары	сұрау салу	субъектінің жүйесі бастамашысы	субъектінің жүйесі	Жүйе
"Жауап" хабары	жауап		Жүйе	субъектінің жүйесі

Киберқауіпсіздікке қойылатын талаптар

58. Цифрлық жүйемен өзара іс-қимыл жасайтын Жүйе Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі керек (осы құжаттың 2-тармағы).

59. Барлық байланыс арналары ҚР СТ 1073 "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары" белгіленген талаптарға сәйкес келетін ақпаратты криптографиялық қорғаудың сертификатталған құралдарының көмегімен қорғалуы тиіс.

60. Үшінші тұлғалардың барлық техникалық құралдарға, байланыс арналарына және өзара іс-қимылдың қолдаушы Жүйелеріне (электрмен жабдықтау, желдету, ауаны баптау және т.б.) қол жеткізуіне жол берілмеуі керек.

61. Өзара іс-қимылға қатысушылардың цифрлық жүйелерінің электрондық сервистеріне қол жеткізу сертификатталған желіаралық экрандау құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек.

62. Бағдарламалық құралдар электрондық пошта қызметі шеңберінде бірегей хабарлама сәйкестендіргішін, хабар бағытын, хабардың күнін, уақытын, адресатын және бақылау сомасын көрсете отырып, өзара іс-қимыл Жүйесі шеңберінде әрбір ақпараттық хабарды қабылдау және жіберу фактілерін хаттамалауы тиіс.

63. Байланыс арналарын криптографиялық қорғауды қамтамасыз ететін жабдықтарды әкімшілендіруді және сүйемелдеуді тек өзара іс-қимылға қатысушы не ол уәкілеттік берген тұлғалар жүзеге асыруы керек.

64. Өзара іс-қимыл жүйесіне қосылған цифрлық жүйелердегі ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар:

интеграциялық шинаға қосылған цифрлық жүйелерге қызмет көрсету кезінде цифрлық, өндірістік, технологиялық және өрт қауіпсіздігі бойынша белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді;

жөндеу жұмыстарын жүргізу және үй-жайларды жинау уақытын қоса алғанда, өзара іс-қимылға қатысушының бақыланатын аймағындағы техникалық құралдарға және байланыс арналарына бөгде адамдардың қол жеткізуін бақылауды жүзеге асырады;

интеграциялық шинаға қосылған цифрлық жүйелерге қызмет көрсетуді көрсетілген цифрлық жүйелердегі ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар ғана қамтамасыз етеді;

бөгде адамдардың қорғалатын ақпаратқа, оның ішінде пайдаланылатын және иеліктен шығарылатын ақпарат тасымалдаушыларында сақталатын құпия және негізгі ақпаратқа қолжетімділігін болдырмайтын қажетті және жеткілікті шараларды қабылдайды;

олар өзара іс-қимылға қатысушының бақыланатын аймағында орналасқан интеграциялық шинаның байланыс арналарын криптографиялық қорғауды қамтамасыз ететін ақырғы жабдыққа қол жеткізе алатын адамдарды, сондай-ақ интеграциялық шинаға қосылған өзара іс-қимылға қатысушының цифрлық жүйелердің конфигурациясын өзгерту мүмкіндігі бар адамдарды есепке алады.

65. Интеграциялық шинаның және оған қосылған цифрлық жүйелердің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында әрбір өзара іс-қимыл қатысушысы:

істен шығуы интеграциялық шинаға қосылған цифрлық жүйелердің қолжетімділігіне елеулі әсер етуі мүмкін барлық байланыс арнасы үшін ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету функцияларын сақтай отырып, резервтік арнаға жедел ауысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

мұндай жабдық істен шыққан жағдайда интеграциялық шина шеңберінде ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін өзара іс-қимыл қатысушы пайдаланатын байланыс арналарының криптографиялық қорғалуын қамтамасыз ететін жабдықты жедел ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

66. Сақтау мерзімі кемінде бір ай болатын деректерді архивтеу функциясының болуы.

Ескертпе:

Субъектінің жүйесі – шикі мұнай мен газ конденсатының, шикі газдың және оны қайта өңдеу өнімдерінің (тауарлық газдың) айналымы саласында қызметін жүзеге асыратын субъектінің цифрлық жүйесі;

"Цифрлық үкімет" шлюзі – "цифрлық үкіметтің" цифрландыру объектілерін "цифрлық үкіметтің" өзге ақпараттандыру объектілерімен интеграциялауға арналған цифрлық жүйе;

"Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі – мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасындағы цифрлық жүйелердің мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасынан тыс орналасқан цифрлық жүйелермен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған "цифрлық үкімет" шлюзінің кіші цифрлық жүйесі;

ДеффиХельман хаттамасы – екі немесе одан да көп тараптарға тыңдаудан қорғалмаған байланыс арнасындағы жария және жеке кілттер жұбын пайдалана отырып, алдын ала келісілген ортақ құпия кілтпен алмасуға мүмкіндік беретін криптографиялық хаттама;

XML – кеңейтілетін белгілеу тілі (eXtensibleMarkupLanguage) – деректерді құрылымдық және машинада оқылатын форматта сақтау және тасымалдау үшін пайдаланылатын кеңейтілетін белгілеу тілі;

VPN – Virtual Private Network – екі тараптың ақпарат алмасуы үшін виртуалды жеке желі;

TCP – (Transmission Control Protocol) – деректерді беруді басқаруға арналған интернет деректерін берудің негізгі хаттамаларының бірі;

URL – (Uniform Resource Locator) – ресурстың бірыңғай локаторы (орналасқан жерін анықтаушы), ақпараттандыру объектісі сервисінің мекенжайын көрсетеді;

Жария Peer IP мекенжайы – VPN-туннельді тоқтататын және ақпараттандыру объектісінің бастамашысы және/немесе иесі тарапынан интернет желісінде пайдаланылатын құрылғының бірегей IP-мекенжайы;

Көліктік қолтаңба – WSSecurity өзіндік ерекшелігін қолдана отырып, цифрлық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде берілетін хабарлардың тұтастығы мен авторлығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба;

Smart Bridge – бұл ақпараттық жүйелерді біріктіру процестерін автоматтандыруға арналған платформа;

SOAP – объектілерге қол жеткізудің қарапайым хаттамасы (SimpleObjectAccessProtocol) – цифрлық жүйе интеграциясы кезінде хабарларды жіберуге арналған XML негізіндегі хаттама;

IP – Internet Protocol – сандық түрде ұсынылған деректерді берудің желілік моделі;

XSD – схема – XML құжатының құрылымын сипаттау тілі;

WSDL – XML тіліне негізделген веб-сервистерді сипаттау және оларға қол жеткізу тілі.

1-қосымша. Отын-энергетика
кешенінің бірыңғай мемлекеттік
жүйесі мен отын-энергетика
кешені субъектісінің цифрлық
жүйесі арасындағы ақпараттық
өзара іс-қимылға қойылатын
талаптарға

Smart bridge-ге өтінім беру бойынша нұсқаулық

1. Сервиске қосылуға өтінім беру.

Сервиске қосылу үшін мыналар қажет:

1) Заңды тұлға қызметкер/бірінші басшы лауазымына қарамастан бірінші рет кірген кезде (қызметкер емес, ұйым тіркеледі) "Smart Bridge" порталына, "Smart Bridge" жеке кабинетіне бірінші рет кірген кезде тіркеледі.

2) Басты бетке өту, мыналарды таңдау:

-Барлық сервистер;

-Өнеркәсіп;

-"Smart Bridge" сайтында орналасқан "Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны өңдеу өнімдерін (тауарлық газ) есепке алу ақпараттық жүйесінің әмбебап сервисі"



басыңыз (1,2-сурет).

Сервистер каталогы

Сервисті жариялау

Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны өңдеу өнімдерін (тауарлық газ) есепке алу ақпараттық жүйесінің әмбебап сервисі

Сервис санаты (↕) Ұйым түрі (↕) Ұйым атауы (↕) Ақпараттық жүйе (↕) Тегтер (↕) Қалпына келтіру

ID: NITEC-S-3115 ISUN_Service2

Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны өңдеу өнімдерін (тауарлық газ) есепке алу ақпараттық жүйесінің әмбебап сервисі

Сервис иесі
Государственное учреждение "Министерство энергетики Республики Казахстан"

Ақпараттық жүйе
Шикі мұнай мен газ конденсатын есепке алу ақпараттық жүйесі

< 1 >

1-сурет.

Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны өңдеу өнімдерін (тауарлық газ) есепке алу ақпараттық жүйесінің әмбебап сервисі

Қосылу

Иесі

Государственное учреждение "Министерство энергетики Республики Казахстан"

Иесінің байланыс тұлғасы

Дүйсет Айгерім - Эксперт Департамента разработки информационных систем и развития искусственного интеллекта
Электрондық пошта: a.duiset@iacng.kz
Телефон: +77172767876

Өзірлеушінің байланыс тұлғасы

Дүйсет Айгерім - Ақпараттық жүйелерді өзірлеу және жасанды интеллектті дамыту департаментінің сарапшысы
Электрондық пошта: isun@iacng.kz
Телефон: +77172574482

Ақпараттық жүйе

Информационная система учета сырой нефти и газового конденсата

Сервистің мақсаты

Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны өңдеу өнімдерін (тауарлық газ) есепке алудың ақпараттық жүйесі белгіленген тәртіппен қабылданған қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес тұтынушыға жеткізуге дайындалған, айналымдағы шикі мұнай мен газ конденсатының саны туралы деректерді автоматтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға арналған.

Сервис кілті

ISUN_Service2

Өзара әрекеттесу режимі

Синхронды / SOAP

Өзара әрекеттесу контуры

MEY ЖТС тыс

EPIR ID

NITEC-S-3115

Талаптар

XSD

Сұраныс үлгісі

Жауап үлгісі

ШЭП форматтары

Деректер форматы

Сервис жеке деректерді ұсынады: Жоқ

Учет газового конденсата

ИСУН

Учет сырой нефти

Сервис схемалары: Тексеру сәтсіз өтті (01.03.2026 03:01)

Сервиске қосылулар саны: 52

Мониторинг добычи газового конденсата

Деректердің өзектілігі: Өзекті, расталған (29.07.2025 09:40)

2-сурет.

3) Ашылған терезеде сервиспен өзара іс-қимылға қойылатын талаптармен танысу және басу арналған белгі және чек жәшігін іске қосу

Осы талаптармен келісемін

содан кейін

Сақтау

және

Ары қарай >

4) Ашылған терезеде сервиске қосылуға Өтінім нысанының жолдарын толтыру:

1-кесте

Өрістің атауы	Сипаттамасы	Мысал
Сервис иесі		
Ұйымның атауы	Сервис иесі ұйымының атауы (автоматты түрде толтырылады)	Ведомстволық бағынысты ұйым
	Сервис иесі ұйымының БСН/ЖСН	

ұйымдардың БСН/ЖСН	(автоматты түрде толтырылады)	021240003265
Сервис клиенті		
Ұйымның атауы	Сервис клиенті ұйымының атауы (автоматты түрде толтырылады)	"Мұнай" АҚ/ЖШС
ұйымдардың БСН/ЖСН	Сервис клиенті ұйымының БСН/ЖСН (автоматты түрде толтырылады)	123456789111
Қосылу үшін негіздеме	Таңдалған сервиске қосылу үшін негіздемені көрсетіңіз	"Жер койнауы және жер койнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабына сәйкес.
Қосылу үшін негізді салу	.doc, .docx, .pdf, .zip, .7z, .gz, .tar Кеңейтілімі бар файлды тіркеңіз	Міндетті емес
Жауапты тұлға		
АЖТ	Авторизациядан өткен пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасынан автоматты түрде толтырылады	АЖТ
Байланыс телефоны	Жауапты тұлғаның байланыс телефон нөмірін көрсетіңіз	8 701 000 00 00
Email	Жауапты тұлғаның Email-ін көрсетіңіз	ao/tooneft@mail.ru
Сервис клиентінің ақпараттық Жүйесі		
Ақпараттық жүйенің атауы	"субъектінің жүйесі"	Мысалы АҚ\ЖШС\ЖК "Ұйымның атауы"
Жүйенің логині	Жүйені логині	
Пароль (тест)	Жүйенің құпия сөзін көрсетіңіз	
Пароль (өнімдік)	Жүйенің құпия сөзін көрсетіңіз	
Жүйенің IP-мекенжайы (тест)	Тесттік ортада Жүйенің IP мекенжайын көрсетіңіз	
Жүйе порты (тест)	Тесттік ортадағы Жүйе портын көрсетіңіз	
Жүйенің IP-мекенжайы (өнімдік)	Өнеркәсіптік ортада Жүйенің IP мекенжайын көрсетіңіз	
Жүйенің порты (өнімдік)	Өнеркәсіптік ортадағы Жүйенің портын көрсетіңіз	
Хаттама (тест)	Тесттік ортада Жүйенің хаттамасын көрсетіңіз	TCP
Хаттама (өнімдік)	Өнеркәсіптік ортадағы Жүйелік хаттаманы көрсетіңіз	TCP
Өзара іс-қимыл контуры:	"МО БКО-да" / "МО БКО-дан тыс" ауыстырып-қосқышы;	МО БКО-дан тыс
Бұл жүйе үшін VPN туннелі бар ма?	"Жоқ"/"иә" қосқышы. Бұл өріс өзара іс-қимыл контуры жағдайда қолжетімді.	

Көліктік электрондық цифрлық қолтаңба жүйесінің ашық кілт сертификаты	.cer немесе .crt кеңейтілімі бар файлды тіркеңіз	Аты-жөні немесе .cer атауы
Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне жүргізілген сынақтардың нәтижелері бойынша акт	Бұл құжатты тек МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ғана тіркейді. .doc, .docx немесе .pdf Кеңейтілімі бар файлды тіркеңіз	Тек MO
VPN туннелінің деректері		
VPN шлюзі туралы ақпарат	VPN туннелі көтерілетін жабдық	Cisco ASA 5585X
Туннель режимі	Ашылмалы тізімнен таңдаңыз: туннель немесе көлік	Туннель
Жария Реег IP мекенжайы	VPN туннелін терминациялайтын құрылғының IP мекенжайын көрсетіңіз (ақ немесе жария мекенжай)	
1-фаза: Аутентификация әдісі	Аутентификация хаттамасын көрсетіңіз	PSK (Pre-shared key)
1-фаза: Жеке ортақ кілт	"ҰАТ" АҚ қызметкерлерінің жеке ортақ кілті бар файлмен архивтен парольді беру тәсілін көрсетіңіз. Жеке ортақ кілт – VPN туннеліне қолжетімділік алуға арналған күрделі құпия сөз.	Қолма-қол
1-фаза: Криптография түрі	Криптография түрін таңдаңыз	IKEv1
1-фаза: Деффи-Хеллман хаттамасы	Деффи-Хеллман тобын көрсетіңіз	Group 14
1-фаза: Криптографиялық алгоритм	Деректерді түрлендіру алгоритмін көрсетіңіз	AES-256
1-фаза: Хэштеу алгоритмі	Деректерді хэштеу алгоритмін көрсетіңіз	SHA256
1-фаза: Қолданыс мерзімі (туннельдің құрылысын қайта қарау үшін)	Сеанс кілтінің қызмет ету уақыты - кілтті ауыстырғанға дейін қанша уақыт өтуі керек. Әдепкі мән – 86400 секундқа тең.	default
2-фаза: Инкапсуляция	ESP (Encapsulating Security Payload) немесе АН (Authentication Header) таңдаңыз	ESP
2-фаза: Криптографиялық алгоритм	Деректерді түрлендіру алгоритмін көрсетіңіз	AES 256
2-фаза: Алгоритм әдісі	Деректерді хэштеу алгоритмін көрсетіңіз	SHA 256
2-фаза: Жетілдірілген тікелей құпиялық тобы	Деффи-Хеллман тобын көрсетіңіз	Group 14
2-фаза: Қолданыс мерзімі (туннельдің құрылысын қайта қарау үшін)	Сеанс кілтінің қызмет ету уақыты - кілтті ауыстырғанға дейін қанша уақыт өтуі керек. Әдепкі мән – 86400 секундқа тең.	default

2-фаза: КБ шамасы (туннельдің құрылысын қайта қарау үшін)	Сеанс кілтінің қызмет ету уақыты – кілтті ауыстырғанға дейін қанша трафик өтуі керек.	default
№ 1 электрондық сервис: Жүйе		
Сервис кілті	Автоматты түрде толтырылады	ISUN_Service 2
Сервис дербес деректерді ұсынады	Автоматты түрде толтырылады	Жок
Сервистің өзара іс-қимыләрекетте су режимі	Автоматты түрде толтырылады	Синхронды

5) Өтінім жобасын сақтау үшін

Сақтау

батырмасын басыңыз. Өтінім "Жобалар" қалтасында Менің өтінімдерім Жеке кабинет қойындысында көрсетіледі.

6) Жұмысқа өтінім жіберу үшін

Ары қарай >

батырмасын басыңыз, өрістердің мәндерін тексеріп, егер деректер дұрыс болса,

ЭЦҚ қол қою

батырмасын басыңыз. Электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен Өтінімге қол қоюды жүзеге асырыңыз. Өтінім "Шығыс жәшігі" қалтасына өтеді.

7) Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылғаннан кейін өтінімнің жоғарғы оң жақ бұрышындағы батырманы басу арқылы қосылуға өтінімді басып шығаруға болады.

8) "Smart Bridge" порталынан қолдау қызметіне интеграциялауға өтінімді алғаннан кейін "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-ның техникалық маманы VPN туннелін өз тарапынан конфигурациялайды және Жариялауға өтінімде деректері көрсетілген ұйымның уәкілетті қызметкеріне pre - shared key (PSK) қолма-қол береді.

9) PSK алғаннан кейін қосылатын ұйым VPN қосылымын өз тарапынан дербес конфигурациялайды.

10) IP Sec технологиясы бойынша VPN қосылуын ұйымдастыру үшін:

Туннельдеуді (IP SecVPN қосылуын) құру дағдыларын меңгерген, "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне қосылатын ұйымда техникалық маманның болуы.

IP SEC VPN технологияларын қолдайтын (IKEv2 қолдауымен) "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне қосылатын ұйымда телекоммуникациялық құрылғының болуы.

"Цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзіне қосылатын ұйым тарапынан VPN қосылымдарын ұйымдастырған кезде тек статикалық жалпыға қолжетімді IP мекенжайларын пайдалану.

Қосылатын ұйым тарапынан өткізу қабілеті кемінде 10 Мбит/с болатын жерүсті байланыс желілері арқылы ұйымдастырылған арнайы интернет арнасының болуы.

VPN қосылымының жарамдылық мерзімі шектелмеген.

Сервисті тестілеу актісін қалыптастыру

Актіні қалыптастыру үшін қажет:

- 1) Өтінім мәртебесінің "Жіберілді" болып өзгеруі туралы хабарламаны қарау;
- 2) Хабарламадағы сілтемені немесе "Кіріс жәшігі" қалтасындағы өтінім нөмірін басу арқылы Өтінімге өту;
- 3) Қажет болған жағдайда сервиске қосылу туралы Өтінімнің өрістерін редакциялау ;
- 4) Акт нысанының өрістерін толтыру:

2-кесте.

Өрістің атауы	Сипаттамасы	Мысал
Сервис иесінің атауы	Сервис иесі ұйымының атауы (автоматты түрде толтырылады)	Ведомстволық бағынысты ұйым
Сервис клиентінің атауы	Сервис клиенті ұйымының атауы (автоматты түрде толтырылады)	"Мұнай" АҚ/ЖШС
Сервис иесінің ақпараттық Жүйесі	Өтініммен автоматты түрде толтырылады	Шикі мұнай мен газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алудың ақпараттық Жүйесі
Сервис клиентінің ақпараттық Жүйесі	Өтініммен автоматты түрде толтырылады	
Сервистің атауы	Өтініммен автоматты түрде толтырылады	
Сервис кілті	Өтінімнен автоматты түрде толтырылады	
Тестілеу сценарийі	Тестілеу сценарийі бар файлды тіркеңіз	
Өнеркәсіптік пайдалануға берілген күні	Өнеркәсіптік пайдалануға берілген күнін көрсетіңіз. цифрлық үкімет шлюзі әкімшісінде өнеркәсіптік пайдалануға беру күнін өзгерту мүмкіндігі бар.	

5)

Сақтау

батырмасын, содан кейін

ЭЦҚ қол қою

батырмасын басу. Электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен Өтінімге қол қоюды жүзеге асыру. Өтінім "Шығыс" папкасына ауысады;

б) Қол қойылғаннан кейін



батырмасын басу арқылы Актінің басып шығаруға болады.

2-қосымша. Отын-энергетика кешенінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен отын-энергетика кешені субъектісінің цифрлық жүйесі арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарға

Деректердің форматы мен құрамына қойылатын талаптар

1.1-кесте. Шикі мұнайды дайындау және айдау, газ конденсатын орнату және дайындау және айдау цехының деректер форматына қойылатын талаптар

№ р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Есепке алу аспабының типі	deviceTypeId	Есепке алу аспабы типінің сәйкестендіргіші: Дайындау, сақтау – ID: 1; Қабылдау/тапсыру – ID: 2.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
4	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші: Дайындық – ID: 6.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
5	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceNameId	Есепке алу аспабының сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
			Тәуліктік деректерді жинау кезінде Деңгейдің орташа тәуліктік мәні	

7	Деңгейі	tankLevel	Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Деңгейдің екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
8	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Көлемнің екі сағаттық мәні	
9	Тәуліктік мәні	isDaily	Тәуліктік деректер туралы белгі Тәуліктік деректер: иә Тәуліктік деректер: жоқ	Ұйым толтырады
10	Аспаптың жарамдылығы	deviceStatus	Аспаптың жарамдылығы туралы белгі Аспап жарамды жай-күйде: иә Аспап жарамды жай-күйде: жоқ	Ұйым толтырады

1.2-кесте. Шикі мұнай мен газ конденсатын сақтауға арналған резервуарлық парктерге деректер форматына қойылатын талаптар

№ р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Көрсеткіштерді тіркеу күні	regdatetime	Көрсеткіштерді тіркеу күні мен уақыты	Ұйым толтырады
4	Есепке алу аспабының типі	deviceTypeId	Есепке алу аспабы типінің сәйкестендіргіші: Дайындау, сақтау – ID: 1; Қабылдау/тапсыру – ID: 2.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
5	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші: Сақтау – ID: 7.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceId	Есепке алу аспабының сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды

7	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкес теңдіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
8	Деңгейі	tankLevel	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Деңгейдің тәуліктік орташа мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Деңгейдің екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
9	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Көлемнің екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
10	Тәуліктік мәні	isDaily	Тәуліктік деректер туралы белгі Тәуліктік деректер: иә Тәуліктік деректер: жоқ	Ұйым толтырады
11	Аспаптың жарамдылығы	deviceStatus	Аспаптың жарамдылығы туралы белгі Аспап жарамды жай-күйде: иә Аспап жарамды жай-күйде: жоқ	Ұйым толтырады

1.3-кесте. Шикі мұнайды қабылдау-тапсыру пункттеріне, құю-төгу автомобиль, теміржол эстакадалары мен құбырларына деректер форматына қойылатын талаптар

№р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Көрсеткіштерді тіркеу күні	regdatetime	Көрсеткіштерді тіркеу күні мен уақыты	Ұйым толтырады
4	Есепке алу аспабының типі	deviceId	Есепке алу аспабы типінің сәйкестендіргіші:	

			Дайындау, сақтау – ID: 1; Қабылдау/тапсыру – ID: 2.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
5	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші: 1. Мұнай өндіруші ұйымдардан қабылдау - ID: 1; 2. Мұнай өңдеу зауыттарына тапсыру - ID: 2; 3. Мұнай тасымалдау ұйымдарының тапсыруы - ID: 3; 4. Экспортқа тапсыру - ID: 4; 5. Мұнай тасымалдау ұйымдарынан қабылдау - ID: 5; 6. Мұнай терминалдарынан қабылдау - ID: 8.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceNameId	Есепке алу аспабының сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
7	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
8	Магистральдық мұнай құбырының ID-і	pipelineId	Магистральдық мұнай құбырының сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
9	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Көлемнің екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
10		massflowbegin	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Массаның орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады

	Есепті кезеңнің басындағы массасы		Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Есепті кезеңнің басындағы масса	
11	Есепті кезеңнің соңындағы массасы	massflowend	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Массаның орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Есепті кезеңнің соңындағы масса	Ұйым толтырады
12	Массасы	mass	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Массаның орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Есепті кезеңдегі тиіп-жөнелтілген масса	Ұйым толтырады
13	Тәуліктік мәні	isDaily	Тәуліктік деректер туралы белгі Тәуліктік деректер: иә Тәуліктік деректер: жоқ	Ұйым толтырады
14	Аспаптың жарамдылығы	deviceStatus	Аспаптың жарамдылығы туралы белгі Аспап жарамды жай-күйде: иә Аспап жарамды жай-күйде: жоқ	Ұйым толтырады

1.4-кесте. Шикі газды кешенді дайындауға арналған деректер форматына қойылатын талаптар

№ р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Көрсеткіштерді тіркеу күні	regdatetime	Көрсеткіштерді тіркеу күні мен уақыты	Ұйым толтырады

4

Есепке алу
аспабының типі

deviceTypeId

**Есепке алу аспабы т
ипінің сәйкестендір
гіші:**

Дайындау, сақтау –
ID: 10;

Қабылдау/тапсыру –
ID: 11.

				бағынысты ұйым айқындайды
5	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші Дайындық – ID: 17	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceNameId	Есепке алу аспабының сәйкестендіргіші : Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
7	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
8	Температурасы	temperature	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Температураның орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Температураның екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
9	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Көлемнің екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
10	Қысымы	pressure	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Қысымның орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Қысымның екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
11	Тәуліктік мәні	isDaily	Тәуліктік деректер туралы белгі Тәуліктік деректер: иә Тәуліктік деректер: жоқ	Ұйым толтырады
12	Аспаптың жарамдылығы	deviceStatus	Аспаптың жарамдылығы туралы белгі Аспап жарамды жай-күйде: иә	Ұйым толтырады

Аспап жарамды
жай-күйде: жоқ

1.5-кесте. Шикі газды технологиялық еріксіз жағуға арналған алау қондырғысы үшін деректер форматына қойылатын талаптар

№ р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Көрсеткіштерді тіркеу күні	regdatetime	Көрсеткіштерді тіркеу күні мен уақыты	Ұйым толтырады
4	Есепке алу аспабының типі	deviceTypeId	Есепке алу аспабы типінің сәйкестендіргіші: Дайындау, сақтау – ID: 10; Қабылдау/тапсыру – ID: 11.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
5	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші Дайындық – ID: 17	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceNameId	Есепке алу аспабының сәйкестендіргіші : Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
7	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
8	Температурасы	temperature	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Температураның орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Температураның екі сағаттық мәні	
9	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде	

			Көлемнің екі сағаттық мәні	
10	Қысымы	pressure	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Қысымның орташа тәуліктік мәні Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Қысымның екі сағаттық мәні	Ұйым толтырады
11	Тәуліктік мәні	isDaily	Тәуліктік деректер туралы белгі Тәуліктік деректер: иә Тәуліктік деректер: жоқ	Ұйым толтырады
12	Аспаптың жарамдылығы	deviceStatus	Аспаптың жарамдылығы туралы белгі Аспап жарамды жай-күйде: иә Аспап жарамды жай-күйде: жоқ	Ұйым толтырады

1.6-кесте. Шикі газды өзінің технологиялық қажеттіліктері үшін пайдалануға арналған қондырғы үшін деректер форматына қойылатын талаптар

№ р/с	Атауы	Өріс	Өріс сипаттамасы	Ескертпе
1	Объектінің ID-і	ID	Объектінің сәйкестендіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
2	Есепті кезеңнің күні	datetime	Есепті кезеңнің күні мен уақыты	Ұйым толтырады
3	Көрсеткіштерді тіркеу күні	regdatetime	Көрсеткіштерді тіркеу күні мен уақыты	Ұйым толтырады
4	Есепке алу аспабының типі	deviceTypeId	Есепке алу аспабы типінің сәйкестендіргіші: Дайындау, сақтау – ID: 10; Қабылдау/тапсыру – ID: 11.	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
5	Операция типі	operationTypeId	Операция типінің сәйкестендіргіші Дайындық – ID: 17	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
6	Жүйедегі есепке алу аспабының нөмірі	deviceNameId	Есепке алу құралының сәйкестендіргіші:	

			Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
7	Өнім типі	productTypeId	Өнім типінің сәйкес теңдіргіші: Жүйе операторы айқындайды	Ведомствоға бағынысты ұйым айқындайды
8	Температурасы	temperature	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Температураның орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Температураның екі сағаттық мәні	
9	Көлемі	volume	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Көлемнің орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Көлемнің екі сағаттық мәні	
10	Қысымы	pressure	Тәуліктік деректерді жинау кезінде Қысымның орташа тәуліктік мәні	Ұйым толтырады
			Екі сағаттық деректерді жинау кезінде Қысымның екі сағаттық мәні	
